

PAPER DETAILS

TITLE: ??????? ?????????????? ????? ??????

AUTHORS: Saule ERJANOVA

PAGES: 98-105

ORIGINAL PDF URL: <https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/1432481>



Milli Kültür Araştırmaları Dergisi (MİKAD) / Cilt 4 - Sayı 2

Sorumlu Yazar: Saule ERJANOVA / El-Farabi Kazak Milli Üniversitesi, Kazak Dili Edebiyatı, Prof. saullejanova@gmail.com
ORCID ID: 0000-0002-7820-0235

Atif: ERJANOVA, S.(2020). ҚАЗІРГІ ӨЛЕҢТАНУДАҒЫ ҮЙҚАС МӘСЕЛЕСІ, Milli Kültür Araştırmaları Dergisi, Cilt4, Sayı2, 98-105.

Gönderim Tarihi: 5 Aralık 2020 / Kabul Tarihi: 16 Aralık 2020

ҚАЗІРГІ ӨЛЕҢТАНУДАҒЫ ҮЙҚАС МӘСЕЛЕСІ

Түйіндеме

Қазақ өлеңтануында үйқасқа қатысты пікірлердің толастамай отырғаны рас. Қазіргі үйқастардың жазылу ерекшелігі зерттеуге лайық. Үйқас мәселесінде сөздердің тіркесі ғана емес, ырғак, буынға тіреліп айтып жүрміз. Бұл үйқасты ырғак, өлшеммен қарастырудан болып ойтраны. Қазақ өлеңінде буынның атқаратын қызметіне қарай үйқасты бағалауға тырысамыз. Үйқастың қазіргі қызметі м ағынасына қарай жұмыс жасаудың ашып айтуды керек. Қазақ өлеңіндегі негізі буын мен үйқасқа негізделген ой енді кезекте ең бірінші рет мағынага жұмыс жасаудың бакылай аламыз. Макалада Үйқастардың бүтінгі жазылу ерекшелігіне мән беріледі. Үйқас өлеңінің көркемдігін, эстетикалық әсерін бұзып аламауды керек. Бұл мазмұнға да тікелей байланысты. Үйқасқан сөздердің дыбыстары езара сәйкес келумен қатар олардың мазмұны да нақты бір тақырып аясында өрбүй қажет екендігін дәлдігін сандылышы.

Кілт сөздер: Өлеңтану, үйқас, буын, ырғак, эстетика, зерттеушілер, силлабика, тармақ, толымсыз үйқас, өлшем.

THE PROBLEM OF SLEEP IN MODERN POETRY

Abstract

It is true that in Kazakh poetry there are no more opinions about sleepas. The specifics of the spelling of modern houseplants deserve to be studied. In the question of sleep, we speak not only a combination of words, but also a rhythm, a syllable. It was a dream, a rhythm, a dimension. In Kazakh poetry, we try to evaluate sleep according to the function performed by the generation. It is necessary to reveal that the current activity of the sonas is working towards the M stream. It is possible to see that the thought, which is based on syllables and dreams in Kazakh poetry, is now working on meaning for the first time. The article focuses on the specifics of the current spelling of sleep. It should not spoil the artistic, aesthetic effect of the poem "sleep". This is also directly related to the content. It is quite natural that in addition to the coincidence of sounds of sleeping words, their content should also develop within a specific topic.

Keywords: poetry, sleep, syllable, rhythm, aesthetics, researchers, syllabic, branch, incomplete sleep, dimension.

Ауыз әдебиет және жазба әдебиет үлгілеріндегі үйқас сапалары тең түссе бермейді. Ежелгі дәүірде қарапайым халық өлең шығаруға және оны есте

сақтауға жеңіл үйқастарды көбірек қолданған. Сол себепті ауыз әдебиет үлгілерінде етістікten құрылған үйқасты сөздер жиі кездеседі. Ал жазба әдебиет үлгілеріндегі үйқасқан сөздердің сапасы әлдеқайда жоғары болатыны белгілі. Сондықтан, уақыт өткен сайын үйқас дамып, жетіліп, күрделене түседі. Себебі сан ғасырлық тарихы бар поэзия күн өткен сайын жаңа талап, соны серпін, жаңалықтар талап етеді. Соған байланысты үйқас табуда ақындар жаңа соқпақтар тауып, ол үшін етістіктермен қатар басқа сөз таптарын да үйқас үшін қолданып, түрлендіріп, поэзия әлемін жандандыра, әрлендіре түсті.

Үйқастарды жаңартуда өте мұқияттылық қажет. Үйқас өлеңінің көркемдігін, эстетикалық әсерін бұзып аламауы керек. Бұл жайлы әдебиеттанушы ғалымдар тарарапынан да айтылып өтілген. Демек, үйқас қаламгерден тапқырлықпен қатар мұқияттылықты талап етеді. Сондай-ақ, келтірілген үйлесім сөз шығарма мазмұнына лайық болғаны дұрыс. Өлеңдегі бірінші тармақтың соңғы сөзі «тас» болса, оған ешқандай байланыссыз «шаш» деген сөзді үйқас ретінде қолдануға болмайтыны белгілі. Бұл мазмұнға да тікелей байланысты. Үйқасқан сөздердің дыбыстары өзара сәйкес келумен қатар олардың мазмұны да нақты бір тақырып аясында өрбуі қажет. Яғни үйқас өлеңінің тек сыртқы құрылышына ғана әсер етіп қоймайды, сонымен қатар мазмұнының ашыла түсуі үшін де қызмет етуі тиіс. Сол себепті С. Негимовтің: «Әрине, поэзияда ой образдылықтан үйқасты бөліп алып қарауға болмайтыны белгілі. Өйткені ойсыз тек сыртқыраған үйқас поэзия болмайды. Ал белгілі бір ойда бейнелі түрде жеткізуге үйқастың атқаратын міндеті өте күшті», – деген пікірін толық құптаімыз (Негимов, 1991: 10)

Орыс ақыны В. Маяковский ең негізгі, өзекті сөздерін тармақтың соңына қойып, осыны үйқастырып отырған. Галым Р. Сыздықова үйқастардың бұлайша қолданылуы қазақ поэзиясында XIX ғасырдың өзінде-ақ Абай поэзиясында көрініс табатынын айтады (Сыздықова, 1993: 2).

Поэзияда үйқастың қандай дыбысқа аяқталғаны да ерекше маңызды. М. Дүйсенов: «Қазақ поэзиясына тән құбылыс – үйқастар не бірыңғай дауысты, не бірыңғай дауыссыз дыбысқа бітіп отырады», - дейді (Дүйсенов, 1987: 28). Бітеу буындағы сөзben үйқасқан сөздің де бітеу буынды болып келуі өлеңінің сырты құрылышын көркем етіп тұрады. Тармақтың соңындағы сөз ашық буынды болып, онымен үйқас құрайтын сөз бітеу буынды болса, түбірдегі үйлесімділік әлсірейді. Мысалы, ана және пана деген сөздер өзара үйқас түзгенмен, ашық және бітеу буынды қосымшалардың жалғануы нәтижесінде пайда болған анасы-панасын сөздері өлең ырғағын қүшейту қызметін атқара алмайды. Алайда қазақ поэзиясын салыстыра тексергенімізде, мұндай үйқастардың кездесетінін байқаймыз.

Силлабикалық өлеңдерде үйқас ырғақпен де тығыз байланысты болады. Олар поэзияның ажырамас бірліктері болып табылады. Ырғақ өлең әуенділігін туғызыса, үйқас сол әуенділікті одан әрі қүшайте түседі. Бұл туралы С. Негимов еңбектерінде сөз болады. Өлең құрылышының ырғақ, үйқас, өлшем сияқты негізгі элементтері бір-бірін толықтырғанда ғана шығарма әсерлі, құлаққа жағымды болады.

Үйқастардың түрлерін сөз еткенде, академик Қ. Жұмалиев жіктеуін негізге аламыз. Галым қазақ поэзиясындағы үйқастың түрі өте көп екенін айтады. Олардың ішіндегі ең жиі қолданылатын түрлері ретінде мыналар көрсетеді: 1) қара өлең үйқасы, 2) шұбыртпалы үйқас, 3) ерікті үйқас, 4) кезекті үйқас, 5) шалыс үйқас, 6) егіз үйқас, 7) аралас үйқас, 8) осы күнгі ерікті үйқастар (Жұмалиев, 1978: 180).

Абайдың бұрынғы өлеңдердің құрылсынын зерттеген Б. Кенжебаев үйқастарды былайша сипаттайты:

«I. Өлең – 11 буынды, үш бунақты. Ол: 1) төрт тармақты, ақсақ (aa-a), ерікті (-aa), егіз (aab) үйқасты болып, 2) көп тармақты, ақсақ (aa-a-a), ерікті (a-a-a-a) үйқасты болып келеді. Өлеңнің буыны, бунағы, үйқасы әрдайым нақпа-нақ келеді.

II. Жырдың шумағы бес, үйқасы он түрлі. Ол: 1) үш тармақты, сыңар (abb яки aab) үйқасты; 2) төрт тармақты, ақсат (aa-a), ерікті (a-a), егіз (aab), қапсырма (abba), шалыс (абаб) үйқасты; 3) тармақты, тақ (aabbb) үйқасты; 4) алты тармақты, жұп (aabbb яки ababb), аралас (abbab) үйқасты; 5) көп тармақты шұбыртпалы (aaaaaaaab), кезек (abababab) үйқасты болып келеді. Үйқастың жырда, өлеңдегідей мәні күшті емес, ұзак жырлардың кей жерлері сирек үйқасады, үйқассыз да келеді» (Кенжебаев, 1986, 95)

Абайдан бұрынғы өлеңдердегі бұл үйқастар қазіргі поэзияда да қолданылады. Бұгінгі таңда үйқастар түрліше аталады. Мысалы, З. Ахметов кезекті үйқасты айқас үйқас, қаусарма үйқасты орама үйқас деп атайды. Бұл туралы С. Негимов, С. Елібаев сиякты ғалымдардың енбектерінде де сөз болады: «Қазақ өлеңтану ілімінде орналасу тәртібіне орай үйқаста ат қою, атау тудырудың өзі үлкен табыс. Бұл процесс осы қунге дейін толастаған жок. Мысалы, Зәки Ахметов кезекті үйқасты айқас үйқас деп, қаусарма үйқасты орама үйқас дейді» (Ахметов, 2002:10).

Т. Шапаев (1999:98) ақындардың шығармаларында кетік үйқастардың да қолданылатынын айтады. Толымды және толымсыз үйқастардан бөлек, өзіндік ерекшеліктері бар үйқастың бұл түрі де талдауға негіз болған жинақтарда кездеседі. Ол әсіресе, Қ. Мырза Әли шығармаларында көп қолданылған.

Темендердегі өлең үйқастарына назар аударайық:

Байқаймын / ақырындал / күз келеді, а 3+4+4=11

Бітеді қайран / жаздың / ізгі өлеңі. а 3+4+5=12

Кеткен жаз / келмеймін – деп / қабақ түйді, б 3+4+4=11

Келген күз / айтар екен / бізге нені [Мырзалиев, 1989:56]. а 3+4+4=11

Үйқастың түрлері көп болғанымен, қолдану дәрежесі бірдей емес. Мысалы, қазақ поэзиясында толымды үйқас кең түрде қолданылған. Толымсыз үйқас оған қарағанда сирек кездеседі.

Т. Әбдікәкімов және М. Шахановтар үйқастардың өте көп түрін қолданғандықтан, қара өлең үйқасының пайыздық көрсеткіші онша жоғары болмайды. «Ырауан» жинағында елуге жуық үйқас түрі байқалса, М. Шаханов шығармашылығында жетпіске жақын түрі қолданылған. Үйқас түрлерінің эр алғандығы туралы әңгіме қозғағанымызда, Ф. Онғарсынова өлеңдеріндегі үйқастық бірліктерге тоқталмай өту мүмкін емес. Ақынның шығармаларында үйқастың сексеннен артық түрі бар. Бұл, оның жинағында ааба түріндегі үйқастың негізгі орынды иелемеүінің бір себебі болса, екінші себебі ақынның көбірек шалыс үйқастағы өлеңдерге иек артына байланысты. Ақын жинағында шалыс үйқас қара өлең үйқасынан 2,3 % артық. Сөйтіп қара өлең үйқасы зерттеу нысанына алынған «Мен саған ғашық емес ем» (Ф.ОНғарсынова) жинақтан басқа барлық өлең жинақтарында бірінші орынды иеленеді.

Ә. Қайранда қара өлеңде үйқас 90 % болса, Маралтайда («Ай» кітабы бойынша) өлеңдерінің 67-сі қара өлеңдік үйқас, қалғандары шалыс, еркін, шұбыртпалы, кезекті үйқастарды құрайды. Ал, керісінше Н. Мәуkenұлының 70 пайзы шұбыртпалы мен шалыс үйқастар кездеседі.

Поэзияда өлең тармақтарының үйқасуы бірнеше тәсілдердің көмегімен іске асады. Тармақ соңындағы сөздердің құрамындағы дыбыстардың сәйкес келуінен толымды және толымсыз үйқастар түзілсе, олардың буындық құрамы бір, екі, үш буынды т.б. болып жіктеледі. Академик З. Қабдолов өлең жазатын адамға олардың түрін білу шарт еместігін, ең бастысы мынаны білу қажеттігін айтады: « әрбір үйқас өлең шумағының өн бойына тек өзіне ғана тән өзгеше сыңғыр әуез, сұлу саз, сырлы күй дарытуға тиіс» (Мәуkenұлы, 1992: 286).

Бұлбұлдарым, сайра, сайра, талмағын,

Бұтақтарды сындырмайды салмағын.

Сен аман бол, сен аман бол сенгенім...

Сосын көре жатамыз фой қалғанын (Мырзалиев, 1989:27).

Келтірілген тармақтардағы «талмағын – салмағын - қалғанын» сияқты сөздерде бір-екі дыбыстық айырмашылық қана бар. Яғни сөздердегі дыбыстардың басым көпшілігі үқсас. Өлеңдердегі үйқасқан сөздердің дыбыстық құрамы өзара үқсас болмауы да мүмкін. Поэзиядағы бұл ерекшелік толымды және толымсыз үйқастарға негіз болады. Дыбыстардың бір-біріне үйқас немесе жақын келуі қазақ поэзиясында «толымды үйқас» деп аталады. З. Ахметов үйқастың бұл түріне мұндай анықтама береді: «толымды үйқас – өзара үйлесетін сөздердегі сәйкес дауысты және дауыссыз дыбыстар түгелдей үндестігі жағынан дәлме-дәл не өте жақын келетін толық үнді үйқас» (Ахметов, 2002: 91).

Қолыңнан шыққан сыйлықтар

Қонатын үйге құт болып.

Секундтар және минуттар

Иірілетін жіп болып

Әр халықтың поэзиясында толымсыз үйқасқа қарағанда толымды үйқастың қолдану өрісі кең. Мұндай үйқас өлең тармақтарында құшті әуенделік туғызады. Мұны әрине үйқасқа тән ерекшелік ретінде қарастыруға болады.

Дыбыстарда сәйкес келе бермейтін толымсыз үйқастың мұндай ерекшелігі болмайды. Өлеңдерде толымды үйқасқа қарағанда толымсыз үйқастың сирек кездесу себебін академик З. Ахметов былайша түсіндіреді: «Үйқастың үндестік сапасы, қандай дыбыстардың үйлесінен, неше буыннан құралатыны, жасалу шарты қазақ тілінде жазылған еңбектерінде мүлде талданбайды. Аздал айтылған нәрсе – үйқасты үндестік сапасы жағынан толымды, толымсыз деп екіге бөлу ғана.

Үйқас деп әдетте, өлең жолдарындағы соңғы сөздердің бір-бірімен үйлес, үндес болып келуін айтатыны белгілі. Өзара қыыстырылған сөздердегі сәйкес дыбыстардың, әсіресе дауысты дыбыстардың, бірдей немесе үйқас болып келуі – үйқастың жасалу шарты. Бірақ үйқас тек қана дыбыс үндестігі емес, ол сонымен қатар бір не бірнеше буынның өзара үндестігі де. Басқаша айтқанда, өлең үйқасы бірімен-бірі қыыстырылған сөздердегі бір не бірнеше өзара сәйкес буынның дыбыс үндестігінен туады» (Ахметов, 2002: 6).

Құрылышына қарай үйқастар жай және күрделі болып бөлінеді. Жай үйқастарға бір сөзден тұратын үйқасты сөздер тән болса, күрделі үйқастар екі немесе одан артық сөздерден құралады. Ауыз әдебиет үлгілерінде күрделі үйқастар өте сирек кездеседі. Сол себепті мұндай үйқастар кейінгі дәуірлерде ғана жиі қолданыла бастаған деп ойлаймыз. Яғни күрделі үйқастар халық ауыз әдебиеті үлгілерінде қалыптасқанымен, оның жетіліп, дамуы қазіргі поэзияда жүріп жатқан процесс деуге болады.

Төмендегі өлең үйқастарына назар аударайық:

Бой – байсал, / басым –аман, / бауыр – бүтін.	3+4+4=11
Ай кесті / сәулесімен / дауылға үкім.	3+4+5=12
Нәр сауған / метім тастың / үрпінін де,	3+4+4=11
Басымнан / өтті-кетті – Сәуірлі тұн [Нұржан,2002:126].	3+4+4=11

Қазіргі қазақ поэзиясының дамуы өлеңнің сыртқы құрылышына өз әсерін тигізбей қоймайды. Яғни, үйқас құрамы күрделеніп, әркеллік сипат алды. Үйқастың бұлайша жетілуі қазақ поэзиясында да дәстүр ретінде қалыптасқан. Талдауға негіз болған ақындардың жинақтарында үйқассыз жазылған өлең кездеседі. Бұл силлабикалық өлең жүйесінде түскен өзіндік ерекшелік болып табылады. Зерттеуге алынған жинақтар авторлары да - өлең техникасы толық менгерген, қалыптасып қалған, өзіндік қолтаңбасы бар ақындар. Қазақ ақындарының шығармаларынан үйқастың жүзден астам түрін кездестірдік. Сол себепті К. Жұмалиевтің «қазақ поэзиясында үйқас түрлері өте көп», деген пікірімен толық келісеміз.

Силлабикалық поэзия жан-жақты өркендер жатқандықтан, оның ішкі құрылымдары да өзгерістерге ұшырап жатыр. Бұл үйқас жүйесінде де анық көрінеді. Поэзиядағы бұл ерекшеліктер өлеңнің стиліне де әсер етеді, әуендейлігін өзгерtedі. Соған байланысты қазіргі қазақ поэзиясында үйқас жүйесі жан-жақты жетіліп, өркендер келеді. Дәстүрлі үйқастар қазіргі қазақ поэзиясында да сабактастық тауып келеді. Ежелгі дәүірге тән үйқастар қазіргі кезде де жалғасым тауып, сақталумен қатар жазба әдебиет үлгісіне сәйкес жетіліп, өндөліп, түрліше құбылып келеді, құрамы күрделеніп, жан-жақты байыды. Мысалы, поэзияда үйқастар дыбыстық құрамының ұқсастығына (толымды, толымсыз), түзілісіне (күрделі, жай), орналасу тәртібіне (қара өлең, шалыс, егіз, кезекті), буын санына (бір буынды, екі буынды, үш буынды...) қарай одан әрі жіктеле түсті.

Зерттеу барысында аталмыш нақтылы мәселелердің қай-қайсысында да ұлттық поэзиямыз үшін елеулі жаңалықтар болып табылатын үйқас ерекшеліктері анықталды. Мәселен, қазіргі қазақ поэзиясындағы біз қарастырған толымсыз үйқастардың толымсыздығы олардың кемістігі емес, өзіндік белгі-қасиеті екені дәлелденді. Бұл сипатты үйқастардың қазақ поэзиясындағы бұрынғы біртіндеп толығу, даму үстіндегі толымсыз үйқастардан бөлек жаңа үйқас түрі екеніне мән берілді. Олар толымды үйқастармен тең қатар өмір сүруге құқылы, қазақ поэзиясында К. Мырза Әли, Т. Медетбеков, Иран-Ғайып т.б. ақындар шығармашылығында алғаш 50-60 жылдары пайда болды деуге болатын жаңа үйқастар, толымсыз үйқастың табиғи да өнімді, бірегей түрі деп табылып, мұндай үйқастарды шартты түрде «кетік үйқас» деп атап ұсынылды. Үйқастың бұл түрінің өрістеуінің мысалдарын қазіргі қазақ ақындары Иран-Ғайып, Т. Әбдікәкімов, Г. Салықбаевалардың шығармашылықтары негізінде талдадық. Ал Ұ. Есдәuletov, Б. Серікбаев, Б.Жақып, Н. Мәуkenұлы сияқты ақындар өз өлеңдерін, негізінен, айтылмыш жайтқа керісінше, толымды үйқаспен құруға бейімірек екені көрінеді.

Қазіргі ақындардың өлең үйқастарының грамматикалық құрылышы түрғысынан бір кездері жиі қолданылған бірыңғай құрылымдағы (мәселен, өңкей етістіктерден жасалған) үйқастардан қашу, одан әдейі бас тарту, қайта мейлінше әркелкі грамматикалық құрылымдағы үйқастарды түзуге, күрделілікке ұмтылуға тырысу тенденциясы орын алған. Оны болашақта жаппай орнығып, канонға айналатын тұрақты үрдіс санап, біржақты нәтиже күту дұрыс болмайды. Әйткенмен, бұл үрдісті қазіргі қазақ өлең үйқасы

жүйесіндегі айқын бір ерекшелік ретінде белгілеп, арнағы тоқталу қажет деп білдік.

Үйқас мәселеіп зерттеліп отырғандықтан, диссертацияда қазақ поэзиясындағы үйқассыз, еркін өлеңдерге де назар аударылып, ақындар Е. Раушанов пен Т. Әбдікәкімов шығармашылықтарындағы еркін өлеңдер талданды. Бұндай өлеңдер, бір қызығы, атаптаған ақындардың біз қараған кітаптарында түп-тура сегіз өлеңнен. Екі ақынның бұл өлеңдері екі түрлі сипатта екендігімен ерекшеленетіні және аталмыш жанрдың (еркін өлеңнің) поэтикалық мүмкіндіктері мен ерекшеліктері ашып көрсетілді.

Қазіргі поэзияның негізгі белгілері поэзиядағы дерексіз ұғымдар мен құбылыстарды заттандыру, жансызға жан бітіру, тілсізді сөйлету, кейіптеу тәсілдері. Аталмыш тәсілдер поэзия жанрының тендессіз мүмкіндіктерін көрсететін өте ұтымды тәсілдер ретінде бұрыннан белгілі. Олар әдебиет жанрларының барлығында да кездескенімен, басқа жанрларда дәл поэзиядағыдай кең қолданыла бермейтіні де мәлім. Енді қазіргі қазақ өлеңінде дерексізді заттандыру мен жандандыру, кейіптеу тәсілдері әбден менгеріліп, мейлінше кемелденгеніне, олар ақындардың өте көп және шеберлікпен қолданып, барлық мүмкіндіктерін пайдаланатын тәсілдеріне айналғанына көз жеткіземіз. Әсіресе ақын Тыныштықбек Әбдікәкімов өлеңдеріндегі абстрактылы ұғымдар мен құбылыстардың заттандуы, «тірілуі» аса қызықты сипаттар танытады. Жұмыста ақын шығармашылығындағы айтылмыш тәсілдің қолданылу ерекшеліктері нақтылы мысалдар негізінде талданды.

Ақындардың поэтикалық тіл ерекшеліктерін айқын танытатын тағы бір белгі — олардың өлеңдері сөз қолданыстары екені анық. Сондықтан ақындарымыздың сөз қолданысындағы ерекшеліктерді талдауда таңбалықтының белгілік беғілердің де поэтикалық мәтінді жасаушы факторлар екенін дәлелдеуге тырыстық.

Аралас буынды өлеңдерде дәстүрлі қалыптан шығу тәсілі байқалады. Мұндай өлеңдер қазіргі кездегі поэзияда күннен-күнгे көбейіп келеді. Бұл қазақ поэзиясында К. Мырза Әли, М. Шаханов жинағынан басқа барлық ақындар шығармаларында байқалады. Әсіресе мұндай өлең үлгілері М. Шаханов шығармаларында жиі кездеседі. Ақын жинақтары жеті және сегіз буынды өлшемдер араласа қолданылады. Сонымен катар қазақ ақындарының жинақтарында қысқа және күрделі буынды өлшемдер де кездеседі. Қазақтың силлабикалық үлгідегі поэзиясында прозага бейімделу дәстүрі қанат жайып келеді. Күрделі буынды өлшемдердің ішінде жиырма буынды өлең Ф. Онғарсынова, Т. Әбдікәкімов, М. Шаханов өлеңдерінен көрініс беріп отыр.

Қазақ поэзиясының ғасырлар шегіндегі алмасуларға төтеп бере алғатындағы тегеуірінді өлшемдік танытып отырғанын байқаймыз. Сирек кездесетін алты буынды өлеңнен бастап ең жоғарғы жиырма алты буындық өлеңді түзіп отырған майталман ақындарымыздың жұмыстары сарапқа салынды. Қазақ өлеңіндегі үйқастың турлерінің біршама өзгеріске түсіп, құбылып отыратынын байқауға болады.

«Тәуелсіздік кезең поэзиясындағы ертеден қалыптасқан, кең тараған өлең өлшемдерінде буын саны тұрақты тармақтар қолданылатындығы, яғни өлеңнің жүйесі силлабикалық болуы сырттай қарағанда ерікті өлең түрін пайдалануға мүмкіндік бермейтіндей көрінуі ықтимал» (Ержанова, 2010:187). Ал, негізінде, ерікті өлең түрін ұлттық өлең құрылышына, поэзиядағы негізгі өлең жүйесіне қарсы қоюға болмайды. Ерікті өлең түрін қолдану – силлабикалық өлең жүйесін бұзу, буын санын тұрақты қалыпта сақтау принципін жоққа шығару деп ойлау

ағаттық болар еді. Өйткені бірлі-екілі шығармаларында ерікті өлең түрін пайдаланған ақын басқа шығармаларын белгілі, тұрақталған өлең өлшемдерін қолданып жаза береді. Кейбір ақындар ерікті өлең түрінде өз туындыларында азды-көпті көңіл қойған болса, бұдан ұлттық поэзиямыз қалыптасқан өлең өлшемдерінен безіну керек деген қорытынды тумаса керек. Ерікті өлең әжептәуір өріс алған елдердің поэзиясына көз салсақ, бұл өлең түрі мен қалыптасқан өлең өлшемдері – негізгі өлең жүйесі – қатар дами беретінін байқаймыз. Ендеше бұлар бірін-бірі ығыстыратын, бір-бірімен сыйыспайтын нәрселер деуге болмайды. Әрқайсының өз мүмкіншілігі, өзінше артықшылығы бар. Ерікті өлеңнің ұлттық өлең жүйесінен мұлде тысқары тұратын, онымен ешқандай жанысымы жоқ томаға-тұйық құбылыс бола алмайтыны да занды да. Себебі, ерікті өлең поэзияда қалыптасқан ырғак-өрнектерге сүйеніп, олардың жекелеген белгілерін қалайда пайдаланып, кейбір ұтымды тәсілдерін тірек етеді. Айталық, қазақ поэзиясында ерікті өлеңнің ұйқассыз жазылғаны байқалмайды. Шумақ өрнегі, үнемі болмаса да, көбінесе сақталады. Ұзынды-қысқалы болса да, әйтеуір тармақтар қолданылады. Мұның өзі үлкен мәні бар жайт. Және олардың ішінде көлемі, құрылышы қалыптасқан ырғақтың үлгі-өрнектерге сәйкес алынатыны да аз болмайды. Түгелдей болмағанымен, өлең тармақтарының бірқатарын осылай құруға талпынушылық байқалады.

Осындағы айрықша маңызды мәселе – поэзияда қалыптасқан ырғағы жеңіл, ширап сөйлем құру, сөз қилюастыру үлгілерінің кейде жеке-жеке, топтап алынып, алмастырылып, басқаша құрылымды үлгілермен қабаттастырыла қолданылып отыратыны. Мұның өзі сөйлемдерді, сөз орамдарын мейлінше әркелкі етіп құруға мүмкіндік береді. Көлемі, ырғак-өрнегі әрқилы тармақтардың үнемі араласа беруінің есесіне осындағы тармақтардың бірнешеуінде сөйлемдерді синтаксистік, интонациялық құрылышы жағынан біркелкі етіп алу тәсілі кеңінен пайдаланылады.

Қазіргі поэзиядағы ырғақтың құбылмалы келетін ерікті өлең түрін қолдану бірталай ақындардың шығармаларында кездеседі. Әзірше азырақ тарап келе жатқан осы бір үлгіні шебер қолданған өлең-жыр нұсқаларын зер салып қарастырсақ, қазақ поэзиясында еркін өлеңнің әлдеқайда молырак орын тебу мүмкіншілігі бар екенін атап айттар едік.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. С. Негимов (1991), *Ақын-жыраулар тілінің бейнелілігі*. Алматы: *Ғылым*.
2. Р. Сыздықова (1993), *XVIII-XIX ғғ. қазақ әдеби тілінің тарихы*. Алматы: *Мектеп*.
3. М.Дүйсенов (1987), *Әдебиеттің мазмұны мен пішіні*. Алматы: *Жазушы*.
4. Қ.Жұмалиев (1978), *Стиль–өнер ерекшелігі*. Алматы: *Жазушы*.
5. Б.Кенжебаев (1986), *Әдебиет белестері*. Алматы: *Жазушы*.
6. З.Ахметов (2002), *Поэзия шыңы – даналық*. Астана: *Елорда*.
7. Т.Шапаев (2001), *Ой түбінде жатқан сөз*. Алматы: *Ғылым*.
8. Қ.Мырзалиев (1989), *Өлеңдер мен поэмалар*. Алматы: *Жазушы*.
9. З. Қабдолов (1992), *Сөз өнері*. Алматы: *Қазақ университеті*.
10. С.Нұржан (2002), *Таң қауызын жарғанды: 3 томдық*. Алматы: *Үш қиян*.
11. Т.Әбдікәкімов (2000), *Т. Ырауан: өлеңдер, балладалар, толғау*. Алматы: *Атамұра*.
12. Н.Мәуkenұлы (2004), *Жогалды күн, жоғалды ай, жоғалды жыл*. Алматы: *Сөздік-Словарь*.
13. С.Ержанова (2010), *Тәуелсіздік тұсындағы қазақ поэзиясы*. Алматы: *Білім*.